

С.М. Туленова, Б.М. Аташ, Л.Ә. Асқар, Қ.Т. Нұрғалиев, Ә.Ж. Нәби\*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан*  
(E-mail: [sulushashtulnova@gmail.com](mailto:sulushashtulnova@gmail.com); [atash\\_berik@mail.ru](mailto:atash_berik@mail.ru); [askar.leskhan@mail.ru](mailto:askar.leskhan@mail.ru);  
[kazntukanat@mail.ru](mailto:kazntukanat@mail.ru); [adilbeknabi15@gmail.com](mailto:adilbeknabi15@gmail.com))

## Көне түркі-қазақ дүниетанымындағы концепт ретіндегі «Туған жер» идеясы мен оның құндылықтық бағдарлары

Мақалада көне түркі және қазақ дүниетанымындағы «Туған жер» идеясының мәдени-философиялық негіздері талданған. Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы талдау, феноменологиялық, психоаналитикалық, логикалық-семантикалық, герменевтикалық және құрылымдық-функционалдық әдістер қолданылды. «Туған жер» тек географиялық ұғым ғана емес, рухани және әлеуметтік құндылықтардың негізгі тірегі және когнитивтік-эпистемологиялық концепт ретінде сараланды. Түркі дәуірінен бастап, сақтар, түркі қағанаты, оғыз-қыпшақ, Қазақ хандығы кезеңінен қазіргі заманға дейінгі туған жерге деген сүйіспеншілік, оны қорғау мен қастерлеу дәстүрлері қалыптасқандығы туралы айтылды. Оған көне дәуірдегі арғы түркілердің мифологиялық сенімдері, поэтикалық дәстүрлер мен этнофольклор, тарихи деректер т.б. материалдар ретінде пайдаланылды. Зерттеуде туған жер концептісінің ұлттық сана, патриотизм, рухани құндылықтар мен тарихи сабақтастықты қалыптастырудағы рөлі әр қырынан сипатталды. Туған жерді: «Жер-Ана» ретінде құрметтеу, оны қорғау дәстүрі қазақ халқының ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан моральдық-этикалық және эстетикалық құндылықтарының негізі ретінде қарастырылады. Нәтижесінде «Туған жер» идеясының құндылықтық бағдарлары жинақталып ұсынылды: қасиеттілігі, ұлттық бірегейлікті қалыптастырушылық құндылығы, сүйіспеншілік пен патриотизмді қалыптастырушылық көріністері; тарихи сабақтастықтың дәйегі; эмоционалды-эстетикалық бағдарлар; моральдық-этикалық конституциялар; экономикалық-геосаяси кеңістіктік институциялаулар т.б.

*Кілт сөздер:* туған жер, мифология, ұлттық бірегейлік, түркі-қазақ халқы, құндылық, концепт.

### *Kipicne*

Туған жер ұғымы көне түркі және қазақ дүниетанымында маңызды орын алады. Бұл ұғымның негізі табиғатқа, ата-баба жеріне, оның қасиеттілігіне деген терең құрмет пен сүйіспеншіліктен туындайды. Көне түркі мәдениетінің мұрасы ретінде сабақтасқан діл бүгінгі қазақ халқының дүниетанымында да туған жерге деген махаббат ретінде ерекше мәнге ие. Туған жер тек географиялық мекен, физикалық кеңістік ғана емес, коннотациялық мағынасы мен макросемалары аясында, ол — адам мен табиғаттың біртұтас үйлесімін, рухани құндылықтардың негізін және ұлттың ұйысуының, тарихи әрбір кезең тұрғысынан алғанда, болашағын қалыптастыратын басты тірек. Көне түркі және қазақ халқы үшін туған жердің қасиеті, оның қорғауға, қастерлеуге деген көзқарасы ұлттық бірегейліктің ажырамас бөлігі болып келген деп айта аламыз.

«Туған жер» жалпылама алғанда, эмоционалды-экспрессивті және коннотациялық мағынаға ие болады, оны этнос пен дала байланысы аясында қарастырғанда, Дала (физикалық кеңістік) — адамды өмір сүруге бейімделудің таза экзистенциясына айналдыра алады, саяси-геосаяси мағынаға да ие бола алады, генетикалық болмысына айрықша мән берген түркі-қазақ халқы үшін ата-бабасының мұрасы ретінде маңызды қызмет атқарады: қасиетті деп саналатын «Отаны», өмір сүретін тұрақты ареалы т.б. ретінде эстетикалық мағынасынан да айни алмайды. Оның базасы дүниетанымыдағы «өзге», «олар», «мен (менікі) емес» арқылы ажыратылады, «Менің жерім» эмоционализіміне келіп саятын экзистенциясымен бірге болады. Ал қасиеттілік мәнін мүмкіндігінше десакрализацияласақ, адамның осы әлемге қатынасатын нақты табиғи ортасы, ол — адамның дүниеге келген жері, өткізген өмірімен келіп орайласатын киелі аймақ. Туған жер — тура мағынасында адамның өмірге келген нақты бір кеңістігі, ал жалпы мағынасында «туған жер», «атамекен» т.б. концепт түрінде жеке адамдардың өз халқын құраушы субъект ретінде тіршілік ортасы мен тұрақты аймағы.

\* Хат-хабарға арналған автор. E-mail: [adilbeknabi15@gmail.com](mailto:adilbeknabi15@gmail.com)

Түркі дәуірі — арғытүркілерден, сақтар мен ғұндардан бастау алып, бүгінгі заманға дейін жалғасқан тым ұзақ кезең, оны «түркі дәуірі» деп нақты анықтайтын уақыт та ажырамаған деуге де болады.

Егер дәуірді ажыратпасақ, көне дүниетанымға сай әрбір кезең бойынша өзіндік ділдік танымдық ерекшеліктерді таразылаудың өзі қиындықтар туғызады. Дегенмен, осы соңғы мәселеде, кейбір зерттеушілер шартты түрде «Ұлы дала мәдениетін» мынадай 11 кезеңге ажыратып көрсетеді: б.э.б. VI-I мыңжылдықтар — прототүріктік тайпалар мәдениеті; б.э.б. VIII-III ғ. — Тұран мәдениеті; б.э.б. III ғасырдан бастап, б.э. V ғасырына дейін — ғұн империясы мәдениеті; б.э. VI-VIII ғасырлары — түркі қағанаты мәдениеті; IX-XI ғасырлар — қарахандықтар мәдениеті; XII-XII ғасырлар — Шыңғыс хан дәуіріндегі түркі-монғол мәдениеті; XIV-XV ғасырлар Темір империясы мәдениеті; XVI-XVII ғасырлар түркі хандықтары мәдениеті; XVIII ғасырдың басы мен XX ғасырдың басы — мункарраз (зар заман); Кенес дәуіріндегі түркі мәдениеті; тәуелсіздік алғаннан кейінгі мәдениет [1; 13-42].

Бұл — тарихи дәуірлердің сабақтастығына сай, туған жер идеясы уақыттық-кеңістіктік детерминациялануға орай, әрқилы нұсқаларда құбылады, сайып келгенде, біз қарастырып отырған негізгі мәселе — туған жер құндылығының тарихи сабақтастығына келіп орайласады, яғни, оның тарихилығы бұл түсініктің құндылығын әйгілей алады және неғұрлым хронологиялық ретроспекция бойынша көне болған сайын, соғұрлым мәнді, тіпті, жалпы емес, нақты этнос (тайпа, халық, ұлт) өкілі үшін де өзінің өмір сүруінің болмысының атрибуты ретінде кез келген тұлғамен тұтаса алады. Осы жеке тұтастықтан жалпы тұтастық құрылымданады.

#### *Зерттеу әдістері мен әдіснамасы*

Мақалада тарихи-салыстырмалы талдау әдісі қолданыла отырып, көне түркі және қазақ дүниетанымындағы «Туған жер» идеясының тарихи кезеңдердегі сабақтастығы анықталды. Түркі дәуірлері хронологиялық тұрғыда салыстырылып, әр кезеңдегі «Туған жер» концептісінің функционалдық негіздері сарапталды.

Феноменологиялық-психоаналитикалық әдіс арқылы «Туған жер» ұғымының жеке тұлға және ұжымдық санамен байланысы зерделеніп, туған жердің эмоционалдық және рухани маңыздылығы көрсетілді. Сонымен қатар логикалық-семантикалық және герменевтикалық, когнитивтік талдауларда «Туған жер» ұғымының мағыналық құрылымы қарастырылып, оның басқа ұқсас концептілермен, туыстас ұғымдармен байланысы ашылған (мысалы, «Атамекен», «Жер-Ана», кіндік қаны тамған жер, киелі мекен). Сондай-ақ, мәтінтанулық талдаулар қолданылды, мәселен, Түркі жазба ескерткіштері мен халық ауыз әдебиеті мәтіндері қысқаша интерпретацияланды. Бұл әдістер арқылы «Туған жер» идеясының мәтіндердегі символикалық мәні ашылды. Құрылымдық-функционалдық әдісті қолдану арқылы «Туған жер» концептісінің ұлттық мәдениеттегі және қоғамдағы рөлі мен қызметі, құндылықтық бағдарлары жіктелді. Ұғымның тарихи, рухани және әлеуметтік функциялары жүйелі түрде ұсынылды.

#### *Туған жер концепті ретінде: логикалық-семантикалық талдау*

«Туған жер» ұғымына логикалық-семантикалық талдаулар жасайтын болсақ, бұл түсінікті, алдымен, жеке когнитивті концепт ретінде қарастыруымыз керек. Е.М. Игнатова да атап өткендей, туған жер ұғымы реляционалды болып келеді, өйткені, ол жеке дара емес, қатысты, демек, субъект-объект қатынасы арқылы да ашылады, демек, ол объект болса, оның иесі адам, яғни субъектісі де болуы тиіс [2; 96]. С.Д. Гымпилова, Б.Ц. Гомбоев сынды ғалымдар «Үй» (дом) концептісін сол халықтың туған жерімен, тіпті ділінің өзіндік ерекшеліктеріне қатысты зерделейді [3; 86]. Л.И. Щелокова туған жер ұғымын сол ұлттың қасиетті мекені деп түсіндірген [4; 220]. Яғни, біз осы тұста, «Туған жер» түсінігінің когнитивті лингвистика бойынша микро-макросемалары, коннотациялық мағыналары, функционалдық сәйкестік, «коэкстенционалдылық» негізде және логикалық тұрғыдан — тектес ұғымдарына шолу жасап өтуіміз керек: Атамекен, Атақоныс, Қоныс, Кіндік қаны тамған жер, Жұрт (Жер деген мағынасында), Жерұйық, Жер-Ана, Дешті қыпшақ, Сары дала, Ұлы дала, Тұран өлкесі, Тұран даласы, Ергөнеқон т.б. Бұлардың әрқайсысына арналған түсіндірмелі және философиялық сөздіктерде оған берілген анықтамалар бойынша шолу жасап өтуімізге болады.

*Туған жер туралы.* «Туған жерді қия алмай, тентекті жеңіп тия алмай» [5; 605-606]. «Кіндік қаны тамған жер, атамекен. Апырм-ай, туған жер-ай!» [6; 498]. Кенен Әзірбаевта туған жер жеке дара емес, сол жерде бірге өскен халқымен қатар айтылады [7; 484-485]. Немесе М. Әлімбаевтың

туындыларындағы мына бір жолдарға назар аударған жөн: «Туған жер топырағы бұйырмады, Жат жерде өлді, топырақ сала алмады» [8; 132-134].

*Атамекен туралы.* Оны ежелгі қоныс, байырғы тұрақ, тұрған жер ретінде түсіндіре келе, М. Дулатов шығармаларындағы мына өлең жолдарымен дәйектейді: «Қазағым жерің қайда атамекен, Қазақ қазақ болғалы мекен еткен» [9; 394].

*Ата қоныс туралы.* Ол да ежелгі мекен, көне тұрақ деген мағыналарды білдіреді, мәселен, М. Жұмабаев шығармаларында: «Айдын көл, ата қоныс құт болған көл...» [9; 98] екендігі туралы айтылады. Бұл жерде ата қоныс тек қана, ежелгі мекенді бейнелейтін тарихи эволюциядағы халықтың ұлттық кодының үздіксіздігі ғана емес, оны «құт» түсінігімен байланыстыратын сакрализациялау жатыр. Сондай-ақ, саяси түсіндірмелі сөздікте туған жердің саяси-элеуметтік қырларына басымдылық беріледі, «ата» мен «қоныс» сөзі бірігіп кеткен, ол тек өткеннің кеңістігі емес, кейінгі ұрпақтарына мұраға қалдырылған жер екендігі түсіндіріледі, «Ата» сөзінің өзі көпмағыналы екендігі айтылады, сондықтан, атамекен, киелі рухтық мағынаны білдіретіндігі туралы тұжырым жасалады да, ол мемлекеттік, елдік т.б. түсініктермен байланысты екендігі оның «Отан» түсінігімен келін тоғысатындығы арқылы көрсетіледі [10; 152]. Атамекен сонымен қатар, сол сәтте, өз мәнінде ғана емес, басқа жаққа қоныс аударғанда, әрқилы сырттан болған шапқыншылықтар ықпалынан халықтың өз мекендерін тастап кетуге мәжбүр болғанда да құндылығы артатындығы көрсетіледі [11; 87-89]. Қ. Аманжолов өлеңдерінде де: «Атамекен, отан, ел, туған жер, ата қоныс. Ата-бабадан ұрпаққа мирас болып қалған ежелгі құтты мекен, туған ел, өскен жер. Сарыарқа сағындырдың атамекен, Сары дала анам едің құшағың кең» [12; 130-132].

Туған жердің эмоционалды-экспрессивті мағына беретін нұсқасы қазақ халқында: «Кіндік қаны тамған жер» деп бағаланады, бұл жерде, «Кіндік қан» түсінігінің қасиеттілігі қазіргі таңда бәсеңсіген сынайлы, дегенмен, түпсанамызда оның киелі екендігі туралы күнгірттенген ақпараттар сақталып қалып отыр [13; 87]. Ол тек қана кіндік қаны тамған жер тіркесімен емес, кейде, толығырақ: «.Кіндік кесіп, кір жуған жер» деген түсіндірмелермен тереңдетілген түрде экспликацияланады. Сондықтан да, ол киелі болып саналып келгендігі туралы түсіндірмелер беріледі [14; 237-246]. Ал жалпы денотат емес, нақты десигнат «Тұран» (даласы) ұғымымен де беріледі [13; 263]. Оның қасиетіне тоқталу үшін, «Киелі жер» түсінігіне шолу жасасақ, оның да тарихылықпен байланыстырылғандығына көз жеткізе аламыз [13; 174]. Сондай-ақ, «Жерұйық» осы мекен ететін кеңістіктің мифологиялық бейнесіндегі оптимистік сарындағы мотивтер болып саналады [15; 365]. «Жер-Ана» деген поэтикалық-романтикалық атау да қазіргі таңда жиі қолданылатын түсінік [16; 118]. «Сары дала» түсінігі де эстетикалық мағына жамайтын, әсіресе, поэтикалық нақышта айтылатын түсінік [16; 621]. Бірақ ол ұғым, экстенционал-интенционалды болып келеді. Ал «Ұлы дала» ұғымы тарихи оқиғаларды сипаттайтын және халқымыздың эволюциясының тұтас бейнесін беретін жалпылама когнитивтілікте басымдылық берілетін атау. Бұл ұғым тарихи мәдениетті сипаттауда қолданылады [17; 654]. Яғни, «Ұлы дала» концепт ретінде ғана емес, қолданыста: өркениет, тарих, мәдениет, қасиеттілік, біздің арғы тарих т.б. жасырын семаларды қамтиды.

Ендеше, «Туған жер» концептісіне қатысты ұғымдар мен түсініктерді контексте қолданылуына орай, семантикалық-логикалық құрылымы мен когнитивті-эпистемологиялық тұрғыдан былайша топтастыруымызға болады: Туған жер, кіндік қаны тамған жер, киелі жер — *нарративті-поэтикалық*; Атамекен, ата қоныс т.б. — *пафостық-эмоционалды*; Жерұйық, Жер-Ана, Тұран — *мифологиялық-тарихи*; Сары дала, Ұлы дала, қоныс — *геокеңістіктік-аймақтық* т.б. Әрине, бұлай бөлудің өзі шартты, өйткені, бұл ұғымдар мен түсініктер кейіннен пайда болғанның өзінде де архетиптік тұрғыдан алғанда көне халықтық дүниетанымның коды ретінде жинақтала берген. «Туған жер» ұғымын макросемалар тұрғысынан қарастырсақ, көптүрлі нұсқалары мен мазмұнын қамтитын ұғымдардың шоғыры көп қызметті екендігін де бағамдай аламыз. Кейбірі мәтін астарында илокутивті ғана емес, перформативті-императивті сөйлемдерге де айнала алады. Мәселен, «Туған жер»-(ді аяла), «Отан»-(ды қорғау), «Жерұйық»-(ты іздеу) және оған қоныс аудару т.б. Сонымен қатар туған жер және оның жоғарыдағы дыбыстық, тілдік құбылулары денотативті ғана емес, десигнатты болып келеді, пропозицияларының мазмұндарында ортақ бір мотив бар екендігін аңғарамыз — қасиетті дала болғандықтан, оны құрметтеу керек, тарихи мәні бар өткеніміздің өзінің куәсі іспетті, ұрпақтарды да туған жерді құрметтеуге, бағалауға үйрету керек т.б. Мәселен, қазіргі әскери патриотизм идеяларында ол парафраза түрінде ғана емес, орталық түсініктердің бірі ретінде пайдаланылатын идеялық құрал іспеттес.

*Әлемдік түркі халықтарындағы «Туған жер» концептісі*

«Туған жер» түсінігі жалпы әлем халықтарына ортақ болғанмен, түркі және қазақ халқы үшін оның руханиятында айрықша мәнге ие болады, ол жоғарыда айтылғандай, тарихи қоныстанудың ұзақ мерзіміне байланысты деп айта аламыз. Мәселен, О. Смағұл тарихи мекен мен эмиграция-иммиграцияға байланысты ұлттардың тұрғылықты мекені туралы зерттеулер жүргізе келе, қазақ халқының қазіргі саяси мемлекеттік территориялық аймағында шамамен осыдан 4-5 мың жылдай тіршілік еткен халықтардың антропологиялық келбеті (бас, жақ сүйектері мен тістері) бүгінгі қазақтардың келбетіне сай келеді екен. «Туған жер» деген атау түркі халықтарында әр түрлі тілдік-дыбыстық құбылулар түрінде болғанмен, мазмұны, яғни, денотаты бір нәрсені айқындайды: Қазақ халқында, ол «туып өскен жер, өз елі» мағынасында болса, қырғызша — туулуп өске жер, турук алған жер; башқұртша — тыуып үскән һәм йәшәгән ер, татар халықтарында — туып үскен жир [18; 4]. «Атамекен» атауы да: сәйкесінше, ата қонуш — қырғыз тілінде, тыуган ауыл, тыуган ил — башқұрт тілінде, туған ил, туған төбе — татар тілінде, ал «Отан» концептісі, башқұрт және татар тілінде — Ватан, тува халықтарында — Чурт (Қазақша — жұрт сөзінің құбылуы), Чер (сәйкесінше, Жер) түрінде және Чер-чурт, Аал-чурт, Төрээн чер т.б. тіркестермен беріледі екен [19; 31]. Сондай-ақ, Н.Р. Ойноткинованың пікірінше, туған жер, атамекен ұғымдары хақас, тува халықтарында шаңырақ түсінігімен байланысты [20; 229]. Бұл тек кездейсоқ атаулық, дыбыстық ұқсастық емес, тіптен, тілдік туыстықты ғана білдірмейді, сол ұғымының коннотациялық мағыналары да әрбір халықта бір мағынаға келіп үндесетіндігін көрсетеді.

*Туған жердің экзистенциалдық мағынасы*

«Туған жер» идеясы жай ғана ноуменалды түсінік немесе пафостық-ұраншылдық, жырға қосатын экзальтациялық-гедонистік тақырып емес, түркі-қазақ халқының шынайы өмір сүруі мен сақталуы, экзистенциалдық болмысына да айналған. Яғни, жерді сақтау, сәйкесінше, ұлтты сақтаудың атрибуты мен этностың болуы-болмауы мәселесіне келіп тірелетін өмірмәнділік-онтологиялық модус. «Туған жер» идеясы халқымызда көне заманнан қалыптасқан, бүгінгі күнге дейін құндылықтық бағдарлар ретінде жадымызда сақталып қалған.

Арғытүркілік тарихта төл дүниетанымымыз болмаса да, кейіннен қазіргі қазақ даласына таралған, түркілік ділмен жанасып жатқан, алғаш иран жерінде пайда болған зорастризм ілімін, ондағы негізгі идея, ізгілік рухы — Ахура-Мазда мен зұлымдық рухы — Анхра-Майньюдың күресін отандық ғалымдарымыз адамзат баласындағы ізгілік пен зұлымдық бастаулардың түпнегізі болған деген мағынадағы пікірлерін ұсынады [21; 74]. Сонымен қатар бұл сенімді зерттеушілер Зоратустраның идеялық негіздемесі ретінде, жерге деген сүйіспеншілікті оятудың, сақтаудың, қалыптастырудың, тіпті, өзінің болмай қоймайтын ғұмыр кешудің ортасының өзіндік бір бастапқы негіздемелері ретінде түсіндіреді [22; 13]. Яғни, жалпы адамзатқа туған жердің құндылығын әйгілей түсудің өзіндік бір ортақ идеясын паш етті дегенге келіп саятын пікірлер айтылады. Зорастрлық сенімнің осындай қазақ даласына сіңірілген көріністерінің бірі — жершілдік пен отаншылдық. Бұны тек еліміздің ғалымдары ғана емес, шет елдік ойшылдар да атап көрсетіп жүр. Ол бастапқы отаншылдық пен туған жерді құрмет тұту дәстүрлерін әлемге таратқандығын тұжырымдайды [22; 13].

Қазақ-түрік фольклоры мен әдебиетінің қайнар көзі — бізге белгілі тарих бойынша сақ дәуіріне барып тіреледі. Сақ заманындағы ерлік істер мен елге, жерге, атамекенге деген құрмет көрсету, оны құндылық ретінде бағалау мен шекара ретінде белгілеу — сол аймақтардағы, яғни, өздері тіршілік еткен жерлердегі мазарлар, қорғандар, балбал тас тәрізді белгілер т.б. арқылы да айқындалған-материалданған куәлер. Ол белгілер жай ғана өнер туындылары немесе экзистенциалдық-ритуалдық салттар бойынша жерлеу нәтижелері ғана емес, кейіннен, «мәңгілікке арналған: бұл — біздің жеріміз» деген титулдық белгі іспеттес. Өйткені, олар сақтар мекендемеген аймақтарға тұрғызылмағандықтан, өздігінен-ақ шекаралық белгілер де атқарады деген сөз. Өйткені, сол дәуірдегі о дүниелік болған ата-бабаларының мазарлары мен қорымдарына залал тигізу — «сүйекке түскен таңбадай» болып та саналған. Аңыз бойынша, парсы патшасы Дарийдің массагеттер көсемі Иданфирске сақтардың «не үшін қарсылық көрсетпейтіндігі» туралы қойған сауалына орай, оған сақ көсемінің берген жауабы былайша айтылады: «... ешнәрсенің құрып кетпеуінен қауіптенбейміз. Егер бізбен соғысуға құштар болсаңдар... ата-бабамыздан қалған ескі қорымдар сақтардың қасиетті

орындары... оларға тиіссендер, біз бейіттер үшін шайқасамыз ба, жоқ па, сонда көрерсіңдер» [23; 127].

Адамды жерлеудің түркілік дәстүрлерінің сақ қорғандарынан кейінгі көрнісі — балбалтастар. «Нақтырақ айтқанда, ол құлпытас емес, құлпытас ислам дінінің ықпалынан адамды кейіптеуге тиым салудан туындай отырып, басқаша форматта құрылымданған, олар мүсін өнерінің туындыларынан гөрі, бірнешеуінің өзіндік бір үйлесімділігі арқылы архитектуралық ансамбльді құрағандай болады. Бұл қыпшақ, түркі дәуіріндегі төлтума ескерткіштер, сол халықтардың ғана қолтаңбасы. Сондықтан олар: «бұл жер — біздің еліміздің мекені» деген шекаралық белгілерлі айғақтайтын таңба тілі қызметін де атқарады [24; 94-95].

Ендеше осы тұста, «Туған жер», алдымен, ата-бабаларынан мұраға қалғандығын дәйектейтін олардың қорымдары, мазарлары, балбалтастары, жерленген орындары, мәйіттері арқылы көрініс тапқан деп айта аламыз. Яғни, ұлттық қауіпсіздіктің бастауы халықтың геокеңістігін сақтауымен келіп шартталған және бұл маңызды саяси ұстаным ретінде қабылданған.

Күлтегін жазбасында да «Жер-Су» қасиетті мәнге не және өзгенің, басқа абстрактілі жер-суы емес, нақ өзінің жер-суы ретінде анық айшықталады [25; 34]. Көне түркілер дүниетанымындағы Орта әлемінің қасиеттісі де «Жер-Су» болып саналған. Ол Орхон жазбаларының мәтін мазмұны бойынша Тәңір және Ұмаймен бірлікте түркі халқына «қамқорлық» танытады. Көне түркілердің діни-мифологиялық тағылымдарына тоқталар болсақ, Орхон руникалық жазбаларының мән мәтінінде «Тәңір», «Ұмай» және «Жер-Су» наным-сенім ұғымдары берілген.

Ендеше, Көне түркілік дәуірдегі туған жер идеясының құндылығын былайша жинақтап көрсетуімізге болады: «Киелі мекен» Тәңірдің берген сыйы ретінде қарастырылады. Түркілер өз жерін қасиетті санаған, оны ата-бабалар аманаты деп түсінген; бірлік пен тұрақтылықтың негізі деп санаған. Жазбаларда түркі халқының күші мен бірлігі туған жерін қорғаумен тікелей байланысты деп көрсетіледі; Егемендіктің символы: туған жер Түркі қағанатының тәуелсіздігін, халқының еркіндігін білдіретін басты құндылық ретінде сипатталады. Бұл жерде «жер» мен «су» тек табиғи ресурстар ғана емес, халықтың өмір сүруінің негізі ретінде маңызданады. Зерттеушілеріміз де атап өткендей: «Орхон» ескерткіштерін жалаң тарихи фактілер тізбегі деп қарамай, түркі халықтарының ізгі арманын, кескілескен соғысын, айбынды батырларын өзгеше әуезбен жыр еткен ерлік эпосының ең әдепкі үлгісіне жатқызу орынды» [26; 72] деген болатын.

#### *«Туған жер» идеясының мифологиялық-тарихи негіздері*

Қазақ даласының ландшафтысындағы таулы аймақтардағы үңгірлер мен қуыстар және жасырынуға қолайлы мекендер киелі саналған. Соның бірі — Ергенекон туралы аңыз. Бұл аңызда түркі ата-бабалары осы аңғарға барып жасырынғандығы туралы айтылады. Нұқыз бен Қиын жаудан таса болатын қонысқа қолайлы жер іздеп, ақыры осы аймақты тауып, мекен еткен екен. Ол көгілдір таулармен қоршалған, малға да, жанға да жайлы мекен болған деседі. Сол жерден өздеріне қолайлы аймақ жасап, бірнеше жыл бойы тіршілік етіп, іргелі ел болып өрбігендігі туралы айтылады [27; 321]. С. Қондыбайдың тұжырымы бойынша, бұл түркілік протоғарыш, ғарыш, эпостық ата жұрт, о дүниелік мифологиямен де байланысты, мифтік кеңістіктің моделі іспеттес. Ергенекон — ата-баба кеңістігі болып ұғынылады. Оны «Арғы ене» (Арғы ана) бастапқы кеңістігімен байланыстырады, мифтік сюжеті ғаламның оттан пайда болуы, ғаламдық алтын жұмыртқаның жарылуымен де келіп үндеседі [27; 323-325]. Әрине, Ергенеконнан басқа да түркі мифологиясында туған жерге қатысты аңыздар бар, дегенмен, олардың барлығына тоқталмай, туған жер идеясының мифопоэтикалық көріністерінің сабақтастығын дәйектеу барысында біз бергі тарихқа қарай ойысамыз. Бұл аңыздардан жалпы атамекен идеясының түпбастауларын және кейінгі тіршілік етуге қолайлы «Жер іздеу мұраттарының» сабақтасқандығын көре аламыз. Келесі кезекте, С. Қондыбай Асан қайғы мен Асяньшадты бір трафарет ретінде дәйектейді [28; 44-46].

Халқына жайлы қоныс, ырысты жер іздеген Асан қайғының: «Желмая мініп жер шалсам, тапқан жерге ел көшір» деген ақылгөй сөзі сол ел тағдыры мен ұлттық қауіпсіздікке деген алаңдаушылық. Олай болса, «Жерұйық» — әрбір азаматтың (түркі ұлының) туған жері, Отаны мен туған елі болып табылады» деген ұлтжандылық сезімін келешек түркі ұрпақтарына паш етеді, мәңгілік канон ретіндегі қағидаға айналдырады.

Қ.Т. Қайрбаева туған жер туралы түркілік түсінікті кеңейте отырып, оны аспан әлемімен байланыстырады: «Көк пен жер біріне-бірімен тығыз байланысты, солай бола тұра олар біріне-бірі қарама-қарсы ұғымдар (антонимдер) болып келеді. Ол бірінші жағынан физикалық сипатқа

байланысты, яғни «жоғары-төмен», «алыс-жақын», ал екінші жағынан рухани сипатына байланысты, яғни, «аспан мен жер», «жұмақ пен тозақ». Өз кезегінде жер сипаты тура аспан сипаты секілді екі құрамдас бөліктен құралады — физикалық және рухани [29; 12]. Бірінші жағынан, жер дегеніміз — топырақ пен ғаламшар; екіншіден — ол тірі организмдер мекендейтін жер, тірі жанның белгілері, ана ұғымымен қатты байланысты: Жер-Ана, туған жер. Ертегілердің басым бөлігінде «аспан» сөзі төбе, биіктік деген ұғыммен сипатталса, ал «жер» ұғымы төмендегі орныққан нәрселермен ерекшеленеді. «Аспан мен жер» сөздерінің түбінде «жан мен тән», «қуаныш пен азап», «мәңгілік пен өтпелік», «Құдайылық пен адамдық» секілді қарама-қарсы ұғымдар жатыр. Символизм аясында Г. Колшанский аспан мен жердің бейнесін «белсенді, рухани, материалдық, нәзік, жігерлі» сияқты қарама-қайшылықтардың болуын атап өтеді [30; 18].

Сондай-ақ, А. Жүнісұлының еңбегіндегі мына бір жолдарға тоқталып өтуімізге де болады: «Сүйегімді туған жердің күні сүйіп, жанбыры жауып жатсын» деп қазақ төбесі ашық, төрт құлақты бейітті ұнатады. Кейбірі: «Бейітме туған жердің топырағымен суынан өзгені араластырмаңдар» деп өсиет етеді. Кейбірі артына сенбегендер көзі тірісінде салдырып кетеді. Оны қазақ «тірі бейіт» деп атайды [31; 287]. Бұл — туған жердің танатологиялық-мистификациялық сипаттамасы мен бағалау ғана емес, тұтас дүниетаным мен адам өмірінің мағынасы туралы ойтолғамдарға жетелейтін халықтық философия деп те бағамдай аламыз.

Келесі кезекте, осы түсіндірмелер мен талдауларымызға орай, оның құндылықтық бағдарларын жіктеп көрсетуімізге болады, «Туған жер» идеясының тек логоцентризмге сүйенілген құр логикалық қана емес, құндылықтық, эстетикалық, эмоционалдық, экзистенциалдық т.б. мағына беретіндігін негізге ала отырып, көне түркі-қазақ, кейінгі халықтық дүниетанымындағы оның бағамдалған-бағаланған тарихи жадыдағы көріністерін ұсына аламыз.

*Туған жердің қасиеттілігі.* Туған жер — бабаларымыздың аманаты. Қазіргі әдебиетімізде өзіндік орны бар, атақты ақындарымыздың бірі Оразақын Асқардың мына бір өлең шумақтарынан сонау бір кездері қоғамның дүрбелеңінен жер ауып, өзге елдің шекарасына өтіп кеткен заманда, туған жерді аңсаған ақын өз елінің топырағын басып, қайтып келген сәтіндегі:

Атыңнан, айналайын, атамекен,  
Өр тасың алтын тақпен қатар екен,  
Өр төбең өзіме оттай басылады,

Басына атам шыққан жота ма екен, – деп эмоционалдық тұрғыдан жырлауынан қазіргі заманғы архетиптерді байқай аламыз. Қазтуған жыраудың «Мадақ жыры», «Туған жермен қоштасу» т.б. толғаулары түркі-қазақ халқы басынан өткерген тарихи мазмұнды ниеттейтін оқиғалар ғана емес, мәтін астарында сол туған даласына деген сүйіспеншілік пен қимастық сезімдерін бейнелеумен де байланысып жатырғандығын аңғаруға болады. Бұл — тек қана жеке тұлға Қазтуғанның ішкі эмоционалдық толғанысы емес, жалпы халықтық дүниетанымды білдіреді. Осы үрдіс Еділ аумағынан қоныс аударып бара жатқан кездегі қоштасу сезімдерінен де анық байқалады және туған жерге деген қатынасы, тура мағынасындағы «туып өскен мекеннің» реалды бейнесін әйгілеумен көрініс табады:

Алаң да, алаң алаң жұрт,  
Ақ ала ордам қонған жұрт,  
атамыз біздің Сүйініш,  
күйеу болып барған жұрт,  
Анамыз біздің Бозтуған  
келіншек болып түскен жұрт...  
Қайран менің Еділім» [32].

*Ұлттық бірегейлікті қалыптастырушылық құндылығы.* Біздің халқымызда ұлттық бірегейліктің және бірегейленуінің тарихи әлеуметтік негіздері терең. Мысалы, К.Г. Юнгтің тұжырымдамасы, архетиптік туралы ойларының жалпы мазмұндамасы [33; 103-206] ата-баба рухы және оны құрметтеу дәстүрімізге сәйкес келеді. Бір ерекшелігі К.Г. Юнг оны тек байсаналық құрылымдама ретінде түсіндірсе, ал қазақи ділдегі өткенмен тығыз байланыстың формасы, ол — ата-баба аруағын шексіз құрмет тұту. Бұл бір қырынан, жоғарыда айтылған ата-бабаларының мекенін сақтаумен орайласа, екінші бір қырынан алғанда, өткенмен байланыстың тек тарихи оқиғалармен, ақпараттармен, мәліметтермен ғана көмкерілгендігі емес, адамның олармен тылсым байланыстары арқылы анықтала алады. Туған жер — өлі (табиғат) емес, ол бұрынғы ата-бабалары өмір сүрген қасиетті мекен. Сол уақыттағы сол жерді мекендеген халық, өзінің ата-бабасымен тек қана ұжымдық бейсаналы түрде байланыспайды, метафизикалық тұрғыдан алғанда, оның рухымен келіп тұтасады. Осы тұста,

К.Г. Юнг тұжырымдамасының түркілік дүниетаным тұрғысынан басқаша бір қыры ашылады. Туған жер ұғымы ұлттық сана мен бірегейлікті қалыптастырады. Ол халықтың тарихи жады мен мәдени мұрасын сақтаушы ретінде ерекше құндылыққа ие. Сондықтан да, туған жер сол ұлттың болмысына тікелей қатынасты болғандықтан, туған жер туралы идеялар, сайып келгенде, ұлттық рух пен ұлтты бірегейлендіру қызметін атқарған.

*Сүйіспеншілік пен патриотизмді қалыптастырушылық көріністері.* Туған жерге деген сүйіспеншілікті, оған адалдықты, өз іс-әрекеттерімен оның мүдделеріне қызмет етуге ұмтылысты, сондай-ақ, туған жеріне, тұрақтаған мекеніне көркемдік тілмен айтқанда, «бауыр басушылықты» «патриотизм» деп те атайды, нақтырақ айтсақ, ол — туған жер патриотизмі. Түрік философиясы тұрғысынан алғанда мынадай принципті негіздер бар: ол — жермен егіз деген ұғым, екіншіден, адам мен бейнелеу біртұтас деген ұғым. Бұл ұғымдар — қазақтың сана сезімінің ажырамас рухани өзегі. Жарық дүниеге және жарық туған жерге деген сезім біте туа қалыптасады [34; 264]. Тіпті, туған жерінен жырақта қайтыс болған адамды өз еліне алып келіп жерлеу дәстүріндегі сүйегін жеткізу де қазақ даласын мекендеген көшпелі тайпалар дәстүрі ретінде көнеден сақталған [34; 180-182]. Туған жеріне алып келіп жерлеу сан ғасырлар бойы сабақтасқан және бүгінгі күнге дейін келіп жеткен тылсым мәні бар салттардың бірі. Бүгінгі күні де, Сұлтан Бейбарыс, М. Шоқай сынды тұлғалардың сүйегі мен Кенесары ханның бас сүйегінің жат жерде қалғандығы «мәдени жарақаттар» түрінде айтылып келеді.

*Тарихи сабақтастықтың дәйегі.* Қазақ ауыз әдебиеті мен мақал-мәтелдерінде туған жер бейнесі ерекше маңызға ие. Бұл — әдеби мұралар туған жердің қасиетін, адамның рухани және әлеуметтік өміріндегі орнын көрсетуге бағытталған. Осы мазмұндас фольклор арқылы қазақ халқы туған жерге деген сүйіспеншілігін, оны қорғауға деген міндетін және оны қастерлеу қажеттігін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған. Туған жер ұрпақтар арасындағы тарихи сабақтастықты бейнелейді. Бұл қазіргі түсінікте де «Жерді (туған жерді) аманаттау» мағынасында қолданылады, өйткені, ол тек қана «Аманат», соны сақтап қалып кейінгі ұрпаққа қалдыру керек, кейінгі ұрпақ өзінен кейінгі ұрпаққа қалдырады деген мағынаны білдіретін сабақтастықты құрылымдайды. Мәселен, Қорқыт ата кітабындағы жырларында: «Атам өлді, Мен қалдым, Жері, жұрты менде қалды, Күні ертең мен де өлермін, Сен қаларсың» [35; 76]. деген жолдар ұрпақтар сабақтастығындағы осы Жердің ұрпақтан ұрпаққа қалдырылатындығы туралы баяндаудың айқын көрінісі ғана емес, ұлттық дүниетанымдағы «Атам-Мен-Сен» үштік құрылымының ұрпақтар сабақтастығындағы туған жер құндылығын айғақтай алады.

Қазіргі таңдағы Ресей мен Украина, Израил мен Палестина арасындағы қақтығыстардың шығу себептерінің бірі — қаншама жылдар өтсе де Атамекен жеріне қатысты даулардан туындап отыр. Яғни, сол халықтың, ұлттың өмір сүріп тұрған тұтастай алғандағы қоршалған шекара аймағы «сол жерде бұрыннан ата-бабасы мекен еткен бе, жоқ па?» деген тарихи тартыстардың шешіміне байланысты болып келеді. Ал қазіргі Қазақ даласы осы мәселе тұрғысынан қарастырылғанда, О. Смағұлдың ғылыми зерттеулерімен дәйектелген, оның зерттеулері осы қазіргі қазақтар мекен еткен аймақта біздің антропологиялық жағынан да сай келетін ата-бабаларымыз берісі 4000 жылдан бері өмір сүріп келген, біздің ешқайдан да, әлдебір басқа аумақтан ауып келмеген халық екендігімізді және әлемнің ешбір халқында мұндай құбылыс болмағандығын дәлелдеген [36; 89].

*Эмоционалды-эстетикалық бағдарлары.* Туған жер тек қана хронологиялық тұрғыдан сол аймақта дүниеге келу қағидасы емес, тұтастай алғанда, діліміздегі сол даланың өзіне деген сүйіспеншілік қатынас оның эмоционалды-эстетикалық қыры бар екендігін ұсынуымызға жетелейді. Мәселен, Ж. Молдабеков Дала философиясының (далаға деген қатынасы) бір қырын, туған жерінің мал-жаны ғана емес, оның торғайы да сүйкімді екендігімен аша түседі және сол далаға құмартып, оған бейімделуге деген ұмтылыстармен жабдықталғандығын көрсетеді [37; 59]. Бұндай жалпыхалықтық ділдік көрініс қазақ халқының мақал-мәтелдерінен де анық байқалады: «Туған жердің топырағы да ыстық», «Ит тойған жеріне, ер туған жеріне», «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас», «Ел елдің бәрі жақсы, өз елің бәрінен жақсы», «Туған жердің түйе жейтін жапырағы да дәрі» т.б. Бұлар жай ғана жақсы көру емес, өзінің болмысы, табиғаты, өмірін туған даласымен тұтастандыратын, ажырамас бірлікті қарастыратын өмірінің белгілі бір мәнді бөлшегі ретінде қабылдайтындай процедураларға алып келеді. «Оның өмірі — туған жерінде сүрген өмірімен» сәйкестенеді (эринес, бұл қағиданың патриархалдық қыры да бар, ол өз алдына бөлек қарастыратын мәселе).

*Моральдық-этикалық бағдар.* Қазақ халқының моральдық-этикалық тәрбиесі туған жерге, отбасына, үлкен-кішілерге, қоғамға т.б. арналарда көрініс табады. Туған жерге деген құрмет, оған адалдық пен қамқорлық адамның моральдық құндылықтарын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Түркі-қазақ дүниетанымында туған жер — жай ғана өлі табиғат емес, рәміздік түрде антропоморфтанады: «Жер-Ана». Яғни, осыдан, шынайы өмірдегі анаға қатынас — туған жерге проекцияланады да, бұл түсінік моральдік-этикалық мағына жамайды. Ол біріншіден, экологиялық сана қалыптастырса, екіншіден, оны өзінің бір бөлшегі, өміріне қажетті атрибут ретінде түсінеді. Мәселен, «Туған жердің топырағынан жаралу» деген ұғым, сайып келгенде, «туғанға дейінгі-туғаннан кейінгі (өмір сүруінің өзі) — өмірден кейінгі» үштік түзілім бойынша қатынас тұрақтылығын сақтағандықтан, оған деген мейірімділік, аяушылық т.б. сезімдер оянады. Мысалы, «Көкті жұлма» деген табу жай ғана абстрактілі ландшафт емес, сол нақты өзінің туған жерінің аясы, оған деген құрметтеушілік сезіммен байланысып жатыр. Сондықтан оның этикалық қырының бірі — отаншылдық сезімге келіп ұласады, оны халық мақал-мәтелдерінен де анық байқауға болады: «Ер — туған жеріне, ит — тойған жеріне», «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» [38; 4-5].

*Экономикалық-геосаяси кеңістіктік.* Түркі-қазақ даласындағы тарихи үдеріс көшпенділікті тек элеуметтік-экономикалық және экономикалық жүйе [39; 104] немесе өмір салты ретінде қарастырмау керек, оның саяси-элеуметтік қыры да бар. Кеңістік көшпелі халықтар үшін өзіне экзистенция ғана емес, өзгелер үшін де сол өзін әйгілеудің еркін аймағы болып саналады, ол сол жергілікті халықтың өмір сүру ареалының саяси мәнге ие бола бастауына алып келеді. Осы кеңістіктің геосаяси мәнге жоғары деңгейде не болуы түркі халықтарының тарихта бірнеше рет империялар құруынан-ақ байқалады. Жоғарыда көрсетілген Жерұйық идеясы да мал шаруашылығына қатысты тек экономикалық қана емес, геосаяси тұрғыдан алғанда, өзіне-өзін бірегейлендіреді. Өйткені, Жерұйықты іздеген Асан қайғы басқа аймаққа, басқа елдің территориясына еніп барып, оны аралап, қоныс іздеуі мүмкін емес, ол тек өз халқының өмір сүру аймағы аясынан шықпауы керек. Осы тұста, Асан қайғы романтизмінде ұлт территориясын айғақтаудың реалды бейнесі жатқандығын бағамдауға болады.

#### Талқылау

Алынған нәтижелерді қазіргі гуманитарлық ғылымдағы өзге зерттеулермен салыстыру «Туған жер» концептісінің түркі-қазақ дүниетанымындағы ерекшелігін айқын көрсетті. Көптеген еңбектерде туған жер көбіне лингвистикалық немесе мәдени символ ретінде қарастырылса, бұл зерттеу оның экзистенциалдық және саяси-философиялық өлшемдерін алдыңғы қатарға шығарады.

Біріншіден, когнитивтік лингвистикадағы «үй», «кеңістік», «Отан» концептілерімен салыстырғанда, түркілік «Туған жер» ұғымы тек «қауіпсіз кеңістік» немесе «эмоционалдық тірек» қана емес, ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ететін қасиетті кеңістік ретінде сипатталады. Бұл ерекшелік ата-баба культімен, жерлеу дәстүрлерімен және тарихи жадпен тығыз байланысты.

Екіншіден, мифологиялық талдаулар нәтижесі басқа халықтардағы утопиялық «жер іздеу» мотивтерімен салыстырғанда, түркілік Жерұйық пен Ергенекон идеялары реалды геокеңістікпен шектелетінін көрсетті. Асан қайғының Жерұйықты «өзге жерден» емес, өз халқының өмір сүретін кеңістігі аясынан іздеуі — бұл идеяның ұлттық қауіпсіздік және территориялық тұтастықпен байланысын айқындайды.

Үшіншіден, экзистенциалдық тұрғыдан алғанда, туған жер түркі-қазақ дүниетанымында адам өмірінің бастауы мен аяқталуын біріктіретін кеңістік ретінде қабылданады. «Туған жердің топырағына жерлену» дәстүрі өмірдің толық циклін (дүниеге келу — өмір сүру — өлім) бір кеңістікте аяқтауды көздейді. Бұл — туған жердің тек өмірлік емес, танатологиялық мәнге де ие екендігін көрсетеді.

Төртіншіден, қазіргі геосаяси қақтығыстарды талдау барысында (жер даулары, тарихи территория мәселелері) туған жер идеясының әлі де өзектілігін жоғалтпағаны байқалады. Бұл контексте қазақ даласының тарихи антропологиялық тұрғыдан үздіксіз қоныстанған аумақ екендігі туралы ғылыми деректер «Туған жер» концептісінің саяси-тарихи дәйектілігін күшейтеді.

Осылайша, талқылау нәтижелері «Туған жер» идеясының түркі-қазақ дүниетанымында тарихи жад, ұлттық бірегейлік, экзистенциалдық қауіпсіздік және патриоттық сана қалыптастыратын кешенді концепт екенін дәлелдейді. Бұл ұғымды қазіргі кезеңде тек мәдени мұра ретінде емес, қоғамдық сана мен ұлттық идеологияны қалыптастырудың белсенді құралы ретінде қайта пайымдау қажеттігін көрсетеді.

### *Нәтижелері*

Зерттеу нәтижелері көне түркі және қазақ дүниетанымындағы «Туған жер» концептісінің көпмағыналы, полисемантикалық және полифункционалды құрылымға не екендігін көрсетті. Аталған ұғым тек кеңістікке қатысты атау емес, ол рухани, тарихи, экзистенциалдық және саяси-әлеуметтік мәндерді өз бойына жинақтаған кешенді когнитивтік феномен ретінде қалыптасқан.

Біріншіден, логикалық-семантикалық талдау нәтижесінде «Туған жер» ұғымының реляционалды сипатта екендігі анықталды. Яғни, ол дербес мағынаға емес, міндетті түрде адам-жер-қауым арасындағы қатынас арқылы ашылады. Бұл тұрғыда туған жер жеке тұлғаның экзистенциалдық болмысының кеңістіктік негізі. «Кіндік қаны тамған жер», «атамекен», «ата қоныс» секілді тіркестер адамның биологиялық өмірі, әлеуметтік орны және рухани әлемі бір кеңістікте тоғысатынын айқындайды.

Екіншіден, зерттеу барысында «Туған жер» концептісіне қатысты ұғымдардың семантикалық өрісі анықталды. Бұл өріс бірнеше мағыналық ұғымнан тұрады:

- қасиетті-рухани (киелі жер, Жер-Ана, Жер-Су);
- тарихи-генеалогиялық (Атамекен, ата қоныс);
- мифологиялық-утопиялық (Жерұйық, Ергенекон);
- геокеңістіктік-өркениеттік (Ұлы дала, Тұран).

Бұл қабаттар бір-бірінен оқшау емес, керісінше, тарихи дамудың әр кезеңінде бір-бірі толықтырып, концептінің мазмұнын байыта түскен.

Үшіншіден, түркі дәуіріндегі материалдық және мәтіндік деректерді (сақ қорғандары, балбалтастар, Орхон жазбалары) талдау нәтижесінде «Туған жер» идеясының территориялық тұтастық пен егемендіктің символы ретінде орныққаны дәлелденді. Жер тек өмір сүру ортасы емес, ата-бабалардың жерленген орны арқылы ұлттық жадының материалданған формасына айналған. Бұл — туған жерді қорғау идеясын моральдық міндеттен саяси ұстаным деңгейіне көтерген фактор.

Төртіншіден, қазақ фольклоры мен поэзиясы материалдары «туған жер» ұғымының эмоционалды-эстетикалық және патриоттық мазмұнын айқындады. «Туған жердің топырағы да ыстық», «Ит тойған жеріне, ер туған жеріне» секілді мәтіндер туған жерге деген қатынастың рационалдықтан гөрі құндылықтық және аффективтік сипатта екенін көрсетеді.

Осылайша, зерттеу нәтижелері «Туған жер» концептісінің тарихи сабақтастықта сақталып, қазіргі кезеңде де ұлттық бірегейлік пен патриотизмді қалыптастырушы негізгі идеялық ресурс болып отырғанын дәлелденді.

### *Қорытынды*

«Туған жер» концептісі тілдегі қалыптасқан «Атамекен», «атақоныс», «туған ел» «Отан», «Дала», «Жер-Ана» т.б. туыстық ұғымдар мен концептілер тәрізді көпмағыналы болып келетіндігін философиялық тұрғыдан саралай келе, оның құндылықтық негіздері бар екендігін байыптауымызға болады. Әрине, жануарлар да өзінің өмір сүретін ареалдарын қорғайды, әлемнің басқа да халықтарында туған жерін құрметтеу танымы жоқ емес, әйтсе де, біз оның түркі халықтарындағы өзіндік төлтума көріністерін зерделедік. Қорыта келгенде, туған жер концептісі түркі халықтарының ұлттық ділінде айрықша мәнге ие екендігін аңғардық. Соған орай, мынадай тұжырымдар алуға болады:

1. Түркі-қазақ халқының мәдени-тұрмыстық өмірінде оның туған жері — өзі үшін өзге емес, өзімен тұтасатын өмір сүру экзистенциясының алаңы болуымен қатар, онымен органикалық тұтастықты құраған, оның өмірінің ғана емес, бейнелі түрде айтқанда, тәнінің перифериясының өзіндік бір акциденциясын құрағандай сыңай танытады.

2. Түркі-қазақтық ділде «дала» ұғымы бейтарап түсінік қана емес, ол илокуитивті және полифункционалды, осы полифункционалдылық әрқилы атаулардан да анық байқалады: «Отан» — қастерлі, оны қорғау керек; «Туған жер» — өмірмәнділік құндылық, «Атамекен» — тұтас ұлт пен рулық қауымдастықтың тарихи келбеті мен танымдық мұрасы іспеттес т.б. мағыналарды құрайды.

3. Туған жерге қатысты лексемалардың барлығында да коннотациялық мағына үстелген, ол гипермәтіндер бойынша тұтас түркі-қазақтық халықтық болмысты айқындауға қарай бет бұрады, туған жер түсінігі енжар емес, өздігінен әрекетшіл, белсенді; метафизикалық тұрғыдан алғанда өзіндік бір рухтық мағынаға ие.

4. «Туған жер» концептісі бүгінгі күнге дейін қасиеттілігін жоймай келе жатқандықтан, қазіргі таңда оны отансүйгіштік сезімді қалыптастыруда «ел мен жерді» қорғау мотивациясына пайдалануға болады, ол үшін тарихи негіздерге үніле отырып, ұлттық намыс пен ділді осы концепция негізінде қайта құрылымдау қажеттігі туындайды.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Аюпов Н.Г. Проблема человека в тенгрианстве: учеб. пос. / Н.Г. Аюпов. — Сумы: Алматы, 2006. — 78 с.
- 2 Игнатова Е.М. Концепт «Родина» в социальнокультурном контексте Германии / Е.М. Игнатова // Вопросы филологии. — 2006. — № 5. — С. 96.
- 3 Гымпилова С.Д. Концепт «дом» в языковой картине мира монголоязычных народов / С.Д. Гымпилова, Б.Ц. Гомбоев // Монголоведение. — 2022. — Т. 14, № 4. — С. 799.
- 4 Щелокова Л.И. Концепт «Родная земля» в публикациях военных лет / Л.И. Щелокова // Studia Litterarum. — 2022. — Т. 7, № 2. — С. 231.
- 5 Қазақ әдеби тілінің сөздігі [Он бес томдық.] / Құраст. Ж. Қоңыратбаева, Ғ. Қалиев, Қ. Есенова және т.б. — Алматы, «Арыс» баспасы, 2011. — 6-т. Ж — Ж. — 752 б.
- 6 Мұқағали тілі сөздігі [Мәтін] / Құраст. Б. Қалиев, Ж. Түймебаев, Ш. Құрманбайұлы, С. Исакова. — Алматы: Керемет медиа, 2017. — 1063 б.
- 7 Қазақ әдеби тілінің сөздігі [Он бес томдық] / Құраст. М. Малмақов, Қ. Есенова, Б. Хинаят және т.б. — Алматы, 2011. — 14-т. Т — Ү. — 800 б.
- 8 Қазақ әдеби тілінің сөздігі [Он бес томдық] / Құраст. Б. Сүйерқұлова, Т. Жанұзақ, О. Жұбаева және т.б. — Алматы: Дәуір, 2011. — 3-т. Б — Б. — 742 б.
- 9 Қазақ әдеби тілінің сөздігі [Он бес томдық] / Құраст. Ғ. Қалиев, С. Бизақов, О. Нақысбеков және т.б. — Алматы, 2011. — 2-т. А — Б. — 744 б.
- 10 Саяси түсіндірме сөздік / Құраст.: Е. Саиров, Б. Әбдіғали, Т. Жабелова, Д. Әлібек. — Алматы, 2007. — 616 б.
- 11 Қазақ әдеби тілінің сөздігі [Он бес томдық] / Құраст.: М. Малбақов, Н. Оңғарбаева, А. Үдербаев және т.б. — Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. — 10-т. Қ — Л. — 752 б.
- 12 Қазақ тілінің синонимдер сөздігі / Құраст. С. Бизақов, Ә. Болғанбаев, Ш. Дәулетқұлов. — Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. — 720 б.
- 13 Қазақ әдеби тілінің сөздігі [Он бес томдық] / Құраст.: Қ. Күдерінова, О. Жұбаева, М. Жолпаева және т.б. — Алматы: Дәуір, 2011. — 8-т. К — Қ. — 742 б.
- 14 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі: Энциклопедия: [Он томдық] Т. 3. — Алматы: РІК «Слон» DPS, 2012. — 3-т. К — Қ. — 736 б.
- 15 Қазақ әдеби тілінің сөздігі [Он бес томдық] Т. 6 / Құраст.: Ж. Қоңыратбаева, Ғ. Қалиев, Қ. Есенова және т.б. — Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. — 6-т. Ж — Ж. — 752 б.
- 16 Қазақ әдеби тілінің сөздігі: [Он бес томдық] Т. 4 / Құраст. Н. Әптімбаева, Қ. Рысбергенова, Ж. Манкеева және т.б. — Алматы: «Дәуір» баспасы, 2011. — 4-т. Б — Д. — 752 б.
- 17 Қайыржан К. Сөз — сандық: Қазақтың көне сөздері / К. Қайыржан. — Алматы: «Өнер» баспасы, 2013. — 480 б.
- 18 Олжабаев Б.К. Түркі халықтарының мақал-мәтелдеріндегі туған жер концептісі / Б.К. Олжабаев, А.Ш. Пангереев // Абылай хан атындағы ҚазХҚӘТУ Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. — 2022. — №4(67). — Б. 339–353. DOI 10.48371/RHLS.2022.67.4.026
- 19 Львова Э.Л. Традиционное мировоззрение тюрков Южной Сибири. Пространство и время. Вещный мир: учеб. пос. / Э.Л. Львова, И.В. Октябрьская, А.М. Сағалаев, М.С. Усманова. — Новосибирск: «Наука», 1988. — 225 с.
- 20 Ойнопкинова Н.Р. Алтайские пословицы и поговорки: поэтика и прагматика жанров: монография / Н.Р. Ойнопкинова; под ред. О.Н. Лагута. — Новосибирск, 2012. — 354 с.
- 21 Ғабитов Т.Ғ. Рухани мұраны зерттеудің әдіснамалық мәселелері / Т.Ғ. Ғабитов // Қазіргі замандағы руханилық мәселелері: Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. — Алматы: СаҒа, 2007.
- 22 Хуземан Ф. Об образе и смысле смерти / Ф. Хуземан, пер. с нем. Ф. Хуземан. — Москва: Энигма, 1997. — 144 с.
- 23 Геродот. История: Скифия и поход Дария на скифов. — СПб., 1996. — Кн. 4. Т. 1. — 590 с.
- 24 Қазақ эстетикасының құндылықтық-мағыналық негіздері: монография / Жалпы ред. басқ. З.К. Шәукенова, С.Е. Нұрмұратов. — Алматы: Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. — 234 б.
- 25 Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші: оқу құралы / Ғ. Айдаров. — Астана: Аударма, 2002. — 66 б.
- 26 Жолдасбеков М. Асыл арналар: Зерттеулер, мақалалар / М. Жолдасбеков. — Алматы: Жазушы, 1986. — 328 б.; Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті / Н. Келімбетов. — Алматы: Ана тілі, 1991. — 264 б.
- 27 Қондыбай С. Толық пығармалар жинағы / С. Қондыбай: — Алматы: Арыс, 2008. — 9-т.: Арғы қазақ мифологиясы. 1-кітап. — 528 б.

- 28 Аташ Б.М. Асан Қайғының мифтік-поэтикалық сарындарының философиялық мәні / Б.М. Аташ // «Каспий өңірінің тарихи және әдеби мұраларын сақтау және одан әрі дамытудың өзекті мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының баяндамалар жинағы. — Атырау: АтМУ баспасы, 2010. — Б. 283.
- 29 Қайрбаева Қ.Т. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың символдық мәні: филол. ғыл. канд. ... дисс. автореф. / Қ.Т. Қайрбаева. — Алматы, 2004. — 29 б.
- 30 Колшанский Г.В. Объективная картина мира в познании и языке: учеб. пос. / Г.В. Колшанский. — М.: Наука, 1990. — 136 с.
- 31 Жүнісұлы А. Пәниден бақиға дейін: әдет-ғұрып әліпшесі / А. Жүнісұлы. — Алматы: Жазушы, 2001. — 296 б.
- 32 Сүйіншіұлы Қ. Алаң да алаң, алаң жұрт [Электрондық ресурс] / Қ. Сүйіншіұлы. — Қолжетімділігі: <https://bilim-all.kz/olen/2294-Alan-da-alan-alanzhurt>
- 33 Юнг К.Г. Дух в человеке, искусстве и литературе: учеб. пос. / К.Г. Юнг. — М.: ГПИ, 1996. — 243 с.
- 34 Түрік философиясы антологиясы [2 т.] / Құраст. Т.Х. Ғабитов, Ж.А. Алтаев, Ә.А. Құранбек. — Алматы, 2024. — 1-т.: Исламға дейінгі түрік философиясы. — 465 б.
- 35 Қорқыт Ата кітабы / ауд. Б. Ысқақов. — Алматы: Жазушы, 1994. — 160 б.
- 36 Исмагулов О. Население Казахстана от эпохи бронзы до современности (палеоантропологическое исследование): монография / О. Исмагулов. — Алма-Ата: Наука, 1970. — 241 с.
- 37 Молдабеков Ж.Ж. Төлтуманың рухани бастаулары / Ж.Ж. Молдабеков // Қазіргі замандағы руханилық мәселелері: Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. — Алматы: СаҒа, 2007.
- 38 Қазақ халқының философиялық мұрасы [20 т.] / Құраст.: Т.Х. Ғабитов. — Астана: Аударма, 2007. — 12-т.: Қазақ этикасы және эстетикасы. — 455 б.
- 39 Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005. — 654 б.

С.М. Туленова, Б.М. Аташ, Л.А. Асқар, К.Т. Нурғалиев, А.Ж. Наби

### **Идея «Родная земля» и ценностные ориентиры в древнетюркско-казахском мировоззрении**

В данной статье анализируются культурно-философские основы идеи «Родная земля» в древнетюркском и казахском мировоззрении. В ходе исследования использованы историко-сравнительный анализ, феноменологический, психоаналитический, логико-семантический, герменевтический и структурно-функциональный метод. «Родная земля» рассматривается не только как географическое понятие, но и как когнитивно-эпистемологический концепт, являющийся основой духовных и социальных ценностей. Показано, что с эпохи тюрков — начиная с сакского периода, тюркского каганата, эпохи огузов и кипчаков, Казахского ханства и до современности, сформировались традиции особой любви к родной земле, её защиты и почитания. Для анализа использованы такие материалы, как мифологические верования древних тюрков, поэтические традиции, этнофольклор, исторические данные и прочее. В исследовании всесторонне раскрыта роль концепта «Родная земля» в формировании национального сознания, патриотизма, духовных ценностей и исторической преемственности. Уважение к родной земле как к «Матери-земле», традиция её защиты рассматриваются как основа морально-этических и эстетических ценностей казахского народа, передаваемых из поколения в поколение. В результате сформулированы ценностные ориентиры идеи «Родная земля»: её сакральность; ценность как формирующего национальную идентичность фактора; проявления любви и патриотизма; доказательство исторической преемственности; эмоционально-эстетические ориентиры; морально-этические установки; экономическое и геополитическое значение.

*Ключевые слова:* родная земля, мифология, национальная идентичность, тюркско-казахский народ, ценность, концепт.

S.M. Tulenova, B.M. Atash, L.A. Askar, K.T. Nurgaliev, A.Zh. Nabi

### **The Idea of “Native land” and value orientations as a concept in the ancient turkic-kazakh worldview**

This article analyzes the cultural and philosophical foundations of the idea of “Native land” in the ancient Turkic and Kazakh worldview. The study employs historical-comparative analysis, phenomenological, psychoanalytic, logical-semantic, hermeneutic, and structural-functional methods. “Native land” is examined not merely as a geographical concept but as a cognitive-epistemological concept that serves as the foundation of spiritual and social values. It is demonstrated that from the Turkic era, including the periods of the Saka peo-

ple, the Turkic Khaganate, the OghuzKipchak era, the Kazakh Khanate, and up to modern times, traditions of profound love for the native land, its protection, and veneration have been established. Materials such as the mythological beliefs of the ancient Turks, poetic traditions, ethno-folklore, historical records, and others were utilized in the analysis. The study comprehensively explores the role of the concept of “Native land” in shaping national consciousness, patriotism, spiritual values, and historical continuity. The reverence for the native land as “Mother earth” and the tradition of its protection are considered the foundation of the moral-ethical and aesthetic values of the Kazakh people, passed down from generation to generation. As a result, the value orientations of the idea of “Native land” have been formulated: its sacredness; its value in shaping national identity; manifestations of love and patriotism; evidence of historical continuity; emotional-aesthetic orientations; moral-ethical principles; and its economic and geopolitical significance.

*Keywords:* Native land, mythology, national identity, turkic-kazakh people, value, concept.

## References

- 1 Aiupov, N.G. (2006). *Problema cheloveka v tengrianstve* [The problem of the human being in Tengrianism]. Almaty [in Russian].
- 2 Ignatova, E.M. (2006). Kontsept «Rodina» v sotsiokulturnom kontekste Germanii [The concept “Motherland” in the socio-cultural context of Germany]. *Voprosy filologii — Issues of Philology*, 5, 96 [in Russian].
- 3 Gypilova, S.D., & Gomboev, B.Ts. (2022). Kontsept «dom» v yazykovoï kartine mira mongoloïazychnykh narodov [The concept of “home” in the linguistic worldview of Mongolic-speaking peoples]. *Mongolovedenie — Mongolian Studies*, 14(4), 799 [in Russian].
- 4 Shchelokova, L.I. (2022). Kontsept «Rodnaia zemlia» v publikatsiïakh voennykh let [The concept “Native land” in wartime publications]. *Studia Litterarum*, 7(2), 231 [in Russian].
- 5 Konyratbayeva, Zh., Kaliev, G., & Esenova, K., et al. (Comp.). (2011). *Qazaq adebi tilinin sozdigi* [Dictionary of the Kazakh literary language]. (Vols. 1–15). Vol. 6. Almaty [in Kazakh].
- 6 Kaliev, B., Tuimebaev, Zh., Kurmanbaiuly, Sh., & Isakova, S. (Comp.). (2017). *Muqagali tili sozdigi* [Dictionary of Mukagali’s language]. Almaty: Keremet media [in Kazakh].
- 7 Malmakov, M., Esenova, K., & Khinaïat, B., et al. (Comp.). (2011). *Qazaq adebi tilinin sozdigi* [Dictionary of the Kazakh literary language]. (Vols. 1–15). Vol. 14. Almaty [in Kazakh].
- 8 Suyerkulova, B., Zhanuzak, T., & Zhubaeva, O., et al. (Comp.). (2011). *Qazaq adebi tilinin sozdigi* [Dictionary of the Kazakh literary language]. (Vols. 1–15). Vol. 3. Almaty: Daur [in Kazakh].
- 9 Kaliev, G., Bizakov, S., & Nakysbekov, O., et al. (Comp.). (2011). *Qazaq adebi tilinin sozdigi* [Dictionary of the Kazakh literary language]. (Vols. 1–15). Vol. 2. Almaty [in Kazakh].
- 10 Sairov, E., Abdigali, B., Zhabelova, T., & Alibek, D. (Comp.). (2007). *Saiasi tusindirime sozdik* [Political explanatory dictionary]. Almaty [in Kazakh].
- 11 Malbakov, M., Ongarbaeva, N., & Uderbaev, A. et al. (Comp.). (2009). *Qazaq adebi tilinin sozdigi* [Dictionary of the Kazakh literary language]. (Vols. 1–15). Vol. 10. Almaty [in Kazakh].
- 12 Bizakov, S., Bolganbaev, A., & Dauletkulov, Sh. (Comp.). (2005). *Qazaq tilinin sinonimder sozdigi* [Dictionary of Kazakh synonyms]. Almaty: Arys baspasy [in Kazakh].
- 13 Kuderinova, K., Zhubaeva, O., & Zholshaeva, M., et al. (Comp.). (2011). *Qazaq adebi tilinin sozdigi* [Dictionary of the Kazakh literary language]. (Vols. 1–15). Vol. 8. Almaty [in Kazakh].
- 14 (2012). Qazaqhtyn etnografiïalyq kategoriiïalar, ugymdar men ataularynyn dasturlı zhuiesi [Traditional system of ethnographic categories, concepts and names of the Kazakhs]. *Entsyklopedia — Encyclopedia*. Vol. 3. Almaty: RPK «Slon» DPS [in Kazakh].
- 15 Konyratbaeva, Zh., Kaliev, G., & Esenova, K., et al. (Comp.). (2007). *Qazaq adebi tilinin sozdigi* [Dictionary of the Kazakh literary language]. (Vols. 1–15). Vol. 6. Almaty [in Kazakh].
- 16 Ashimbaeva, N., Rysbergenova, K., & Mankeeva, Zh., et al. (Comp.). (2011). *Qazaq adebi tilinin sozdigi* [Dictionary of the Kazakh literary language]. (Vols. 1–15). Vol. 4. Almaty [in Kazakh].
- 17 Kairyzhan, K. (2013). *Soz sandyq: Qazaqtyn kone sozderi* [Word treasury: Ancient Kazakh words]. Almaty: Oner baspasy [in Kazakh].
- 18 Olzhabayev, B.K., & Pangereev, A.Sh. (2022). Turki khalyqtarynyn maqal-matelderindegi tungan zher kontseptsisi [The Concept «Native Land» in the Proverbs of the Turkic Peoples]. *Abylai kham atyndagy Qazaq Khalyqatalyq Qatynastar zhane Alem Tilderi Universitetinin Khabarshysy. «Filologia gylymdary» seriïasy — Bulletin of Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages. Series “Philological Sciences”, 4(67), 339–353. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2022.67.4.026> [in Kazakh].*
- 19 Lvova, E.L., Oktiabrskaya, I.V., Sagalaev, A.M., & Usmanova, M.S. (1988). *Traditsionnoe mirovozzrenie tiurkov Iuzhnoi Sibiri: Prostranstvo i vremia. Veshchnyi mir* [Traditional worldview of the Turks of Southern Siberia: Space, time, and the material world]. Novosibirsk: Nauka [in Russian].

- 20 Oinotkinova, N.R. (2012). *Altaiskie poslovitsy i pogovorki: poetika i pragmatika zhanrov* [Altai proverbs and sayings: Poetics and pragmatics of genres]. Novosibirsk [in Russian].
- 21 Gabitov, T.G. (2007). Rukhani murany zertteudin adisnamalyk maseleleri [Methodological issues of studying spiritual heritage]. *Qazirgi zamangy rukhanilyq maseleleri: Khalyqaralyq gylymi-teoriialyq konferentsiianyn materialdary — Problems of spirituality in the modern world: Materials of the international scientific and theoretical conference*. Almaty: SaGa [in Kazakh].
- 22 Khuzeman, F. (1997). *Ob obraze i smysle smerti* [On the image and meaning of death]. Moscow: Enigma [in Russian].
- 23 Herodotus. (1996). *Istoriia: Skifiia i pokhod Dariia na skifov* [History: Scythia and the campaign of Darius against the Scythians] (Book 4; Vol. 1). Saint Petersburg [in Russian].
- 24 Shaukenova, Z.K., & Nurmuratov, S.E. (Eds.). (2014). *Qazaq estetikasynyn qundylyqyq-magynalyq negizderi* [Value-semantic foundations of Kazakh aesthetics]. Almaty: Filosofiia, saiasattanu zhone dintanu instituty [in Kazakh].
- 25 Aidarov, G. (2002). *Kultigin eskertkishi* [The Kultegin monument]. Astana: Audarma [in Kazakh].
- 26 Zholdasbekov, M. (1986). *Asyl arnalar (Zerteuler, maqalalar)* [Sacred sources (Research, articles)]. Almaty: Zhazushy; Kelimbetov, N. (1991). *Ezhelgi dauir adebieti* [Ancient literature]. Almaty: Ana tili [in Kazakh].
- 27 Kondybai, S. (Ed.). (2008). Tolyq shygarmalar zhinagy [Complete works]. *9-tom: Argyqazaq mifologiyasy — Vol. 9. Proto-Kazakh mythology*. Almaty: Arys [in Kazakh].
- 28 Atash, B.M. (2010). Asan Qaigynyn miftik-poetikalik saryndarynyn filosofialyk mani [Philosophical meaning of the mythopoetic motifs of Asan Kaigy]. «*Kaspii onirinin tarikhii zhane adebi muralaryn saqtau zhane odan ari damytudyn ozekti maseleleri*» atty *Khalyqaralyq gylymi-praktikalыq konferentsiiasynyn baiandamalar zhinagy — Collection of reports of the International Scientific and practical conference “Current Issues in the Preservation and Further Development of the Historical and Literary Heritage of the Caspian Region”* (pp. 283). Atyrau: Atyrau memleketтик universitetinin baspasy [in Kazakh].
- 29 Kairbaeva, K.T. (2004). Qazaq tilindegi etnomadeni ataulardyn simvoldyq mani [Symbolic meaning of ethnocultural names in the Kazakh language]. *Extended abstract of candidate’s thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 30 Kolshanskii, G.V. (1990). *Obiektivnaia kartina mira v poznanii i yazyke* [The objective picture of the world in cognition and language]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 31 Zhunisuly, A. (2001). *Paniden baqiga dein: adet-guryr alipbesi* [From the mortal world to eternity: An alphabet of customs]. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 32 Suinishuly, K. Alan da alan, alan zhurt [Oh steppe, oh deserted land]. (n.d.). *bilim-all.kz*. Retrieved from <https://bilim-all.kz/olen/2294-Alan-da-alan-alanzhurt> [in Kazakh].
- 33 Jung, K.G. (1996). *Dukh v cheloveke, iskusstve i literature* [Spirit in man, art, and literature]. Moscow: GPI [in Russian].
- 34 Gabitov, T.G., Altaev, Zh.A., & Kuranbek, A.A. (Comp.). (2024). *Turik filosofiiiasy antologiyasy. Islamga deiniqi turik filosofiiiasy* [Anthology of Turkish philosophy. Pre-Islamic Turkish philosophy]. (Vols. 1–2). Vol. 1. Almaty [in Kazakh].
- 35 (1994). *Qorqyt Ata kitaby* [The Book of Korkyt Ata]. (B. Yskakov, Trans.). Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 36 Ismagulov, O. (1970). *Naselenie Kazakhstana ot epokhi bronzy do sovremenmosti* [Population of Kazakhstan from the Bronze Age to the present]. Alma-Ata: Nauka [in Russian].
- 37 Moldabekov, Zh.Zh. (2007). Toltumanyn rukhani bastaulyary [Spiritual origins of originality]. *Qazirgi zamangy rukhanilyq maseleleri: Khalyqaralyq gylymi-teoriialyq konferentsiianyn materialdary — Problems of spirituality in the modern world: Materials of the international scientific and theoretical conference* (March 16–17, 2007). Almaty: SaGa [in Kazakh].
- 38 Gabitov, T.G. (Comp.). (2007). Qazaq khalqynyn filosofialyq murasy [Philosophical heritage of the Kazakh people]. 12-tom: *Qazaq etikasy zhane estetikasy — Vol. 12. Kazakh ethics and aesthetics*. (Vols. 1–20). Astana: Audarma [in Kazakh].
- 39 (2005). *Qazaq madenieti. Entsiklopedialyq anyqtamalyq* [Kazakh culture: Encyclopedic reference book]. Almaty: Aruna Ltd. [in Kazakh].

#### Авторлар туралы мәліметтер

**Туленова Слушаш** — PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, ORCID ID: 0009-0007-8091-9226

**Аташ Берік** — доцент міндетін атқарушы, философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, ORCID ID: 0000-0003-1893-3506

**Асқар Лесхан** — аға оқытушы, философия ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, ORCID ID: 0000-0002-3970-2638

**Нұрғалиев Қанат** — аға оқытушы, гуманитарлық ғылымдар магистрі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, ORCID ID: 0009-0007-2284-5847

**Нәби Әділбек** — PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, ORCID ID: 0009-0001-3586-3098

Information about the authors

**Tulenova Slushash** — PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0007-8091-9226>

**Atash Berik** — Acting Associate Professor, Doctor of Philosophical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0003-1893-3506>

**Askar Leskhan** — Senior Lecturer, Candidate of Philosophical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-3970-2638>

**Nurgaliev Kanat** — Senior Lecturer, Master of Arts, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0007-2284-5847>

**Nabi Adilbek** — PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan <https://orcid.org/0009-0001-3586-3098>

Buketov University